

## Рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы

### *Күші жойғал*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 373 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 маусымда № 11465 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 2 қазандағы № ҚР ДСМ-112/2020 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 02.10.2020 № ҚР ДСМ-112/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 69-бабы, 5-тармағының екінші бөлігіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Рецептiлердi жазу, есепке алу және сақтау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті заңнама белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 күн жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы бұйрықтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## **Рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау қағидалары**

1. Осы Рецептiлердi жазу, есепке алу және сақтау қағидалары "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесi туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 69-бабының, 5-тармағына сәйкес әзірленді және рецептiлердi жазу, есепке алу және сақтаудың тәртібін айқындайды.

2. Рецептiлердi Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) нысан бойынша бланкілерде тиісті медициналық көрсетілімдер бар болған кезде өз құзыреті шегінде, амбулаториялық, профилактикалық, диагностикалық, емдік, оңалтушы немесе паллиативтік көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлері қағаз және (немесе) электрондық түрде жазып береді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2019 № ҚР ДСМ-131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Қағаз нысанындағы рецептiлер рецепт жазып берген медицина қызметкерінің қолымен расталады.

Электронды нысандағы рецептiлер рецепт жазып берген медицина қызметкерінің электрондық-цифрлық қолымен расталады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2019 № ҚР ДСМ-131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды алуға рецептiлер амбулаториялық деңгейде автоматтандырылған жүйеде электрондық түрде жазылады, есепке алынады және мониторинг жүргізіледі.

Электронды форматта рецептілерді жазу мүмкіндігі болмаған жағдайда рецептілерді жазу қағаз нысанда жүзеге асырылады.

Дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікті шартта алуға рецептілер медициналық ұйымның бұйрығымен айқындалған уәкілетті тұлғаның қолы қосымша қойылады және "Рецептілер үшін" деген денсаулық сақтау ұйымының мөрімен немесе уәкілетті тұлғаның электрондық-цифрлық қолымен расталады.

Рецептілерге қол қоюға құқығы бар уәкілетті адамдардың қолдарының үлгілерін денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен тиісті шарттары бар фармацевтикалық қызмет объектілеріне медициналық ұйымдары жібереді.

Фельдшерлік-акушерлік пункттің меңгерушісі тегін және жеңілдікті негізде дәрілік заттарды алуға рецептіні өз қолымен және фельдшерлік-акушерлік пункттің мөрімен немесе электрондық-цифрлық қолмен растайды.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.04.2019 № ҚР ДСМ-36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.09.2019 № ҚР ДСМ-131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

5. Ауылдық елді мекендерде дәрігерлер болмаған жағдайда рецептілерді науқастарға амбулаториялық қабылдауды жүргізетін орта медицина қызметкері жазады.

6. Қазақстан Республикасында тіркелмеген және қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттарға рецептілер жазылмайды.

7. Рецептілер науқастың жас шамасы және дәрілік заттардың құрамына кіретін ингредиенттердің әсерінің сипаты ескеріліп жазылады.

8. Тегін және жеңілдікті дәрілік заттарды алуға рецептінің мазмұны мен нөмірі науқастың амбулаториялық картасында белгіленеді.

9. Рецептілер дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атауымен қазақ немесе орыс немесе латын тілдерінде жазылады, пациенттің қабылдауына болмайтын, дәрілік препарат құрамы көп компонентті болған жағдайларда саудалық атауымен жазылады. Рецептілер бланкте көзделген барлық бағандарын міндетті түрде анық толтырумен, қолдану тәсілі, дозасы, жиілігі және қабылдау ұзақтығы көрсетіле отырып, тиісті бағандарда жазылады. Жалпылама нұсқаулармен ("Белгілі", "Ішке қолдануға", "Сыртқа қолдануға") шектеулерге жол берілмейді. Рецептінде түзетуге жол берілмейді.

Қатты шашылатын заттар граммен (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), сұйық заттар – миллилитрлерде, грамдарда және тамшы дәріде жазылып беріледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2019 № ҚР ДСМ-131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Рецептінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес негізгі рецептуралық қысқартулар қолданылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2019 № ҚР ДСМ-131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Тегін немесе жеңілдікті негізде дәрілік заттарды алуға бір рецептуралық бланкте құрамында туынды 8-оксихинолин, гормоналды стероидтар, клонидин, анаболикалық стероидтар, кодеин, тропикамид, циклопентолат, трамадол, буторфанол бар дәрілік заттардың бір атауы, ал қалған дәрілік заттардың – кемінде екі атауы көрсетіледі.

11-1. Рецептінде көрсетілген препараттың біреуі болмаған жағдайда немесе препараттың толық емес қаптамасы босатылған жағдайда дәріханада рецепттің көшірмесі қалдырылады немесе осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес фармацевтика қызметкері жазылып берілген рецептілер бойынша дәрілік заттарды есепке алу журналына енгізеді. Фармацевт рецептінің артқы жағына босатылған препараттың санын көрсетеді.

Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2019 № ҚР ДСМ-131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Жоғары бір реттік дозадан асатын дозадағы дәрілік затты жазу кезінде дәрігер рецептінде дәрілік заттың дозасын жазумен және леп белгісімен белгілейді. Дәрігер бұл талаптарды сақтамаған жағдайда фармацевтика қызметкері жазылған дәрілік затты белгіленген жоғары бір реттік дозаның жартысын босатады.

13. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында ғана қолданылатын дәрілік заттарға рецептілер жазылмайды.

14. Дәрілік заттарға, соның ішінде тегін және жеңілдікті шарттарда босатылатын рецептілер 3 айға дейін жарамды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.04.2019 № ҚР ДСМ-36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Науқастарға жазылып берілген дәрілік препараттың саны емдеу курсының есебінен, ал тұрақты (ұзақ) емдеуге мұқтаж адамдарға қабылдау жиілігі және емдеу мерзімі, дозасын көрсете отырып, күн сайынғы қабылданатын емдеу схемасы есебінен көрсетіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2019 № ҚР ДСМ-131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Осы Қағидаларға 11-тармақта көрсетілген дәрілік заттарды алуға рецептілерді жазған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде жарамды.

17. Рецептiлердi, оның iшiнде ТМККК шеңберiнде босатылатын дәрілік заттарға арналған қағаз түріндегі рецептілерді сақтау мерзімі 1 жылды құрайды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2019 № ҚР ДСМ-131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында жазылған дәрілік заттарға рецептілер республиканың барлық аумағында жарамды, дәрілік заттарды тегін және жеңілдікпен босатуға рецептілерді қоспағанда республиканың (аудан, қала, облыс) әкімшілік-аумақтық бірлігінде жарамды.

Рецептілерді жазу, есепке  
алу және сақтау қағидаларына  
1-қосымша

Ескерту. Қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2019 № ҚР ДСМ-131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## Негізгі рецептуралық қысқартулар

Қысқартулар	Толық жазылуы	Аудармасы
aa	ana	бойынша, тең бөлінген
ac. acid.	acidum	қышқыл
amp.	ampulla	Ампула
aq.	aqua	Су
aq. purif.	aqua purificata	тазартылған су
but.	vutyrum	май (қатты)
comp., cps.	compositus (a, um)	күрделі
D.	Da, Detur, Dentur	Бер. Берілетін болсын. Осылар берілетін болсын
D.S.	Da, Signa; Detur, Signetur	Бер, белгіле. Берілетін, белгіленетін болсын. Берілсін, белгіленсін
D.t.d.	Da (Dentur) tales doses	Осындай дозаларды бер (берілетін болсын)
Dec.	Decoctum	Қайнатпа
dil.	dilutus	Ерітілген
div. in p.aeq	divide in partes aequales	тең бөліктерге бөл
emuls	emulsum	Эмульсия
extr.	extractum	сығынды, сорып алынған



р/с №	Жіберген күні	Пациенттің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Рецептінің күні және нөмірі	Дәрігердің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Препараттың атауы	Саны	Фармацевттің қолы	Фармацевттің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Пациенттің қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК